

ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды.»;

9 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Байқоңыр» кешеніндегі қазақстандық мемлекеттік органдардың, мекемелердің және мемлекеттік қатысу үлесі бар ұйымдардың «Байқоңыр» кешенінде Қазақстан Республикасы заңдық құзыретінің және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің тиімділігіне талдау жасайды, Қазақстан Республикасының Президентіне және Президент Әкімшілігіне тиісті ұсыныстар енгізеді;»;

5), 8), 9) тармақшалар алып тасталсын;

11), 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) мемлекеттік бағдарламалар мен Байқоңыр қаласын, Төретам және Ақай кенттерін әлеуметтік-экономикалық дамыту жобаларының іске асырылуын жалпы үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады;

12) орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың «Байқоңыр» кешенінде Қазақстан Республикасы заңдық құзыретінің және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталу мәселелерін қозғайтын шешімдерінің жобаларын келіседі.»;

10 - т а р м а қ т а :

11), 12) тармақшалар мынадай редакцияда баяндалсын:

«11) «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының қарауына ұсыныстар енгізуге;

12) «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының және «Байқоңыр» кешенінің үйлестіру кеңесі отырыстарының құжаттарын, сондай-ақ Байқоңыр қаласының әкімшілігі басшысының қажетті нормативтік құқықтық актілерін және Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешеніне қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілерін сұратуға;»;

мынадай мазмұндағы 16), 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«16) Қазақстан Республикасының заңдық құзыретін қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдамағаны үшін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

17) Қазақстан Республикасының Президентіне жекелеген адамдарды мемлекеттік наградалармен марапаттау, тиісті адамдарға құрметті және өзге де атақтар беру жөнінде ұсыныс енгізуге;

18) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсыруға құқығы бар.».

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) өзінің бұрын жарияланған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК